Астана қаласы әкімдігінің
«ШЕЙХ ТӘМИМ БЕН ХАМАД ӘЛ-ТӘНИ АТЫНДАҒЫ
№ 85 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ № 85 ИМЕНИ ШЕЙХА
ТАМИМА БЕН ХАМАДА АЛЬ-ТАНИ»
акимата города Астаны

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

29.08.2024 № 138-н/к

Астана қаласы город Астана

**Ұйымның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағын, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын, «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі төмендегі құрамдағы жұмыс тобы Астана қаласы әкімдігінің «Шейх Тәмим бен Хамад әл-Тәни атындағы № 85 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізсін:

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Умиров Б.Б.,
әлеуметік педагог Башеева Л.К.,
іс жүргізуші Рахимова Н.Ж.,
бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Шарипова К.А.

2. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды келесі бағытта жүргізсін:

1) ұйымның қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ұйымның ұйымдастыру - басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі болып 2023 жылғы 1 қыркүйек - 2024 жылғы 31 тамыз аралығы айқындалсын.

4. Осы бұйрықты орындау жауаптылығы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Б. Умировке жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Директор** **М. Казиева**